

*«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Жияшева Жанар Шораевнаың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің*

## **ПІКІРІ**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Диссертациялық зерттеу жұмысы бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындауда оларды ақпараттық білім ортасын педагогикалық тұрғыда қалыптастыру, бастауыш мектепте барлық пәндерді оқыту әдістемелерімен тығыз байланыста екені анықталады.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады.

Қазір еліміздегі барлық саладағы жұмыс істейтін халық толығымен ақпараттық технологияларды игеруде. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру кезеңі бастау алған. Осы орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына сәйкес «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекетімізде ақпарат дамыған ғасырдың көшін бастап тұрған көршілес елдермен тереземіз тең болуы үшін іске асырылып жатқан жұмыстар біршама бар. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориясы мен әдістемесін меңгертуді көздейтін жұмыс, білім алушыларға өздерінің болашақ мамандығы туралы түсініктерін тереңдетіп, ақпараттық білім ресурстарымен жұмыс жасау жолдарын және білімдік ақпаратты бір жүйеге түсіру заңдылықтарын, өзіндік даму траекториясына сай модельдеу әдістерін меңгертеді.

### **2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі.**

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау мәселесін зерттеу жаңашылдығымен ерекшеленеді және Ж.Ш.Жияшева бұл мәселені зерттеуде әдіснамалық тұрғыдан негізделген, тиімділікке қол жеткізуді қамтамасыз етіп теориялық және эмперикалық әдістер жиынтығы нақты анықталған зерттеу міндеттерін іске асыруда бірнеше нәтижелерге қол жеткізген.

-Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық негіздерін айқындаған;

-Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесін ұсынған;

-Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаған.

-Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесін дайындаған, педагогикалық эксперименттен өткізіп және тиімділігін дәлелдеп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берген.

### **3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы.**

Докторант ізденіс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы әзірленген. Педагогикалық іс-тәжірибе жүзеге асырылып, оның нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жүргізілген.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оқу орындарында, педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

### **4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер**

Диссертация мазмұны жағынан ішкі құрылымдық логикаға сай жазылған. Зерттеу жұмысы талаптарға сай рәсімделген. Докторант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысты терең ізденіс және аса жауапкершілікпен қарағандығының дәлелі болады.

### **5. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі**

Диссертацияның негізгі қағидасы, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жеткілікті толықтығы ізденушінің жұмысы бойынша жарияланымдарының сәйкестігімен дәлелденеді. Зерттеу барысында 7 еңбегі жарық көрген. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған. Ж.Ш.Жияшева ғылыми тағылымдаманы Түркия елінде, Анкара қаласында, Анкара университетінде доктор, доцент Gokhan Atik жетекшілігімен өтті.

**6. Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс**

Жияшева Жанар Шораевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын. Жияшева Жанар Шораевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
PhD, қауымдастырылған  
профессор м.а**



*Э.Уайдуллақызы*

